ШЫНДЫҚҚА АПАРАТЫН БІРДЕН - БІР ЖОЛ - ҒЫЛЫМ ЖОЛЫ

# Ясауи университеті

a.yassaui@mail.ru

УНИВЕРСИТЕТ СТУДЕНТТЕРІНІҢ ҮНІ

№08 (454), 30 сәуір 2018 жыл

НОБЕЛЬ СЫЙЛЫҒЫНЫҢ ИЕГЕРІ УНИВЕРСИТЕТІМІЗДЕ 0 2

ОҚУ/БІЛІМ
БІЛІМГЕРЛЕР ЖҮЛДЕМЕН ОРАЛДЫ 0 2

ОҚУ/БІЛІМ
ҒАЛЫМ СЕМИНАРЫ 0 2

ӘЛЕУМЕТ
ҚОҒАМДА ТЕЛЕВИЗИЯНЫҢ РӨЛІ ЗОР 0 3

## БРИФ-ХАБАР

### ҚАРУЛЫ КҮШТЕР - ҚАУІПСІЗДІК ҚАЗЫҒЫ

Жыл сайын Қазақстан Армиясының айбыны осы күні асқақталады. Әскери-жаттығу полигонында мейрам күні Елбасының қатысуымен әскери жаттығулар мен әуе көліктерінің парады өткізіледі.

Ең бастысы, болаттай берік бейбітшілігіміз бен 130-дан астам ұлт пен ұлыстың ынтымағы болашаққа аманат болуы тиіс. Ол үшін де Қарулы Күштердің атқарар жұмыстары мол.

» 0 3

### ҚАЗТЕП ОНЛАЙН БІЛІМ БЕРУДЕ КӨШБАСШЫ

Қазақстандағы білім беру жүйелерінің құрылымдарында соңғы жылдары елеулі өзгерістер болып жатыр. Қазіргі уақытта технологиялық жетістіктерге негізделген қашықтықтан білім беру жетекші рөл атқарады. Сонымен бірге, сапалы терең білімді меңгеруге талпынған өскелең ұрпақтың жеткілікті дәрежеде сандық сауаттылығы бар. Себебі, олар өмір жағдайлары барысында жаңа технологияның барлық мүмкіндіктерін пайдаланады. Қазіргі уақытта оқытуда қолданылатын әдіс-тәсілдер, әдістемелер, технологиялар білім беру талаптарына байланысты жаңартылып отырады.

» 0 4

### ЕРЛІКТЕРІ ҰРПАҚҚА ҰРАН

Тура осыдан 76 жыл бұрын тап осындай жаз мезгілінде тыныштықты бұзған жаманат хабар келіп жеткен еді. Жамандық шақырып мен не ойлап кеттім! Соғысы құрысын! Қазіргі таңда болашағы жарқын, бағыты айқын елде өмір сүріп жатырмыз. Тәуелсіз ел ретінде қазақты әлем таныды. Бүгінгі ұрпақ бұл азаттықтың қалай келгенін әрине біледі. Найзаның ұшымен, білектің күшімен қалған кеңбайтақ даламызды соғыс өрті шарпымасын.

» 0 5

### ЖАҢА ӘЛЕМГЕ ЖОЛ САЛАМЫЗ

Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев өз сөзінде «Мен сіздерге – жаңа буын қазақстандықтарға үміт артамын. Сіздер Жаңа бағытты қозғаушы күшіне айналуға тиіссіздер» – деген еді. Мемлекет басшысы біз сияқты жас толқынға үлкен сенімнің жүгін артты. Осы мақсатта мен дәл қазіргі уақытта «Нұр Отан» партиясының «Жас Отан» Жастар қанатының құрамынан табылғаныма қуаныштымын!

» 0 8




## ҚАЗАҚСТАН МАТЕМАТИКТЕРІНІҢ КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

**Университетімізде Жаратылыстану факультетінің ұйымдастыруымен Қазақстан математиктерінің «Математиканың өзекті мәселелері» атты ғылыми конференциясы өтті.**

Ғылыми шараға Қазақстанның барлық жоғары оқу орындары мен ғылыми-зерттеу институттарының ғалымдары, ғылым мен техника саласындағы Мемлекеттік сыйлықтың иегерлері, ҚР ҰҒА-ның академиктері, корреспондент-мүшелері, ғылым докторлары, профессорлар, ғылым кандидаттары, докторанттар мен магистранттар қатысты.

Ғылыми жиынға Ахмет Ясауи университетінің президенті, физика-математика ғылымдарының докторы, профессор У.Әбдібеков модераторлық жасады.

Конференцияның пленарлық мәжілісінде ҚР БҒМ Ғылым комитетінің «Математика және математикалық модельдеу» институтының Бас ғылыми қызметкері, ҚР ҰҒА академигі А.С.Жұмаділдаев «Төртқара алгебрасы», Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-дың Еуразиялық математика институтының директоры, ҚР ҰҒА академигі М.Ө.Өтелбаев «Эйнштейн теориясының проблемалары», ҚР БҒМ Ғылым комитетінің «Математика және математикалық модельдеу» институтының Бас директоры, ҚР ҰҒА академигі Т.Ш.Кальменов «Априорные оценки решений уравнений Навье-Стокса методом подвижных координат», Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің «Іргелі математика» кафедрасының профессоры, ҚР ҰҒА академигі О.Р.Ойнарұлы «Весовое неравенство и свойства одного класса дифференциальных уравнений», Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің педагогикалық білімді дамыту орталығының директоры, ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі А.Е.Абылқасымова «Совершенствование методико-математической подготовки будущего учителя в условиях реализации обновленного содержания школьного образования» тақырыбында баяндама жасады. Сондай-ақ осы есімдері аталған ғалымдар және ҚР ҰҒА академигі, Қазақ-Британ техникалық университетінің профессоры С.Н.Харин, ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, профессор Б.Қ.Қадырұлы құттықтау сөз сөйлеп, конференцияны ұйымдастырушыларға, оқу орда басшыларына алғыстарын білдірді.

Жас математиктер үздік математиктермен өткен тәлімді кездесуден өздеріне бағыт-бағдар, ғылыми ізденістеріне қажетті мол мәлімет, ақыл-кеңес алды.

Конференция жұмысы 27-28 сәуір күндері 6 секция бойынша өтеді: Дифференциалдық теңдеулер; Математикалық физика теңдеулері; Функциялар теориясы және функционалдық талдау; Алгебра, математикалық логика және геометрия; Математикалық және компьютерлік модельдеу, ақпараттық технологиялар; Қазіргі заманғы математикалық білімнің өзекті мәселелері.

**Ақпарат орталығы**

## СЕМИНАР БАҚ ӨКІЛДЕРІНЕ АРНАЛДЫ

**Жақында Қазақстан Ұлттық Телерадиохабар Таратушылар Ассоциациясының журналистері Түркістан қаласына келді. Түркістан қаласы «Kanaka» қонақүйінің конференц-залында БАҚ өкілдеріне арналған «Бұқаралық ақпарат құралдарына қатысты заңнамаға енгізілген жаңа ережелер мен журналистің қызметі» атты тақырыпта семинар өткізді.**

Қазақстан Ұлттық Телерадиохабар Таратушылар Ассоциациясы және «Қоғамдық ғылымдар және Журналистика» кафедрасының ұйымдастыруымен өткен семинарға Әлеуметтік ғылымдар факультетінің деканы М.Топлу, оқытушы-профессорлар мен журналистика мамандығының студенттері және жергілікті БАҚ өкілдері қатысты.

Семинарда Бұқаралық ақпарат құралдарына қолдау көрсету орталығының заңгері С.Қалдыбекова: Журналистің құқықтары мен міндеттері; Ақпараттың дұрыстығын тексеру: өтірік сөйлеген өрге баспас; Ақпарат алу жолдары; Журналист сұранысы; Кез келген сұранысқа жауап алу тәртібі; Журналистік өнімнің құқығы мен талаптары; Теріске шығару және жауап алгоритмі; Бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара іс-қимыл жасау жөніндегі уәкілетті тұлғаның (бөлімшенің) негізгі функциясы; Үгіт-насихат: сақтықта қорлық жоқ; Жауапкершілік; Жауапкершіліктен босататын жағдайлар және т.б., туралы егжей-тегжейлі баяндап берді. Қатысушылар тарапынан сұрақ қойылып, жастар ой пікірлерімен бөлісті.

Өз кезегінде Қазақстан Ұлттық Телерадиохабар Таратушылар Ассоциациясының өкілдері қатысушыларға сертификат табыстады. Семинар барысында бұқаралық ақпарат өкілдері мен медиа заңгерлер БАҚ саласын реттейтін заң нормаларымен танысып, құқықтық мәдениетін жоғарылатты.

**ЯУ-ақпарат**

# АҚПАРАТ / ХАБАР

## НОБЕЛЬ СЫЙЛЫҒЫНЫҢ ИЕГЕРІ УНИВЕРСИТЕТІМІЗДЕ

**Таяуда Нобель сыйлығының лауреаты, профессор Азиз Санжар университетімізге келді. Оқу орданың ұжымы мен студенттерімен кездескен профессорға университет ректоры У.Әбдібеков, Өкілетті Кеңес төрағасы, профессор М.Йылдыз, Өкілетті кеңес мүшесі, профессор М.Шимшек, ректор өкілі, профессор М.Куталмыш сөз сөйлеп, ғалымның жетістігін айтып, алғыстарын білдірді. Басшылар профессор Азиз Санжарға университеттің «Құрметті профессоры» академиялық атағын беріп, сый-сияпат табыстады.**



Вице-президенттер М.Эрен және Т.Раимбердиев III Халықаралық экономика, қаржы және энергия конгресінің координаторы, «Докуз Ейлул» университетінің профессоры Невзат Шимшекке және Әзірбайжан Ұлттық университетінің профессоры Елшан Баирзадеге сый-сияпат табыстап, шапан жапты. Еліміздің рухани мекенінде бабалар рухына тағзым жасап, университеттің тыныс-тіршілігімен танысқан Нобель сыйлығының лауреаты Азиз Санжар киелі өлке құшағында жинақталған әрбір тарихи дүние болашақ түркі елі ұрпақтарының да мақтанышы екендігін жеткізді. Түркі дүниесінің алтын бесігі саналатын Түркістанға келгеніне қуанышты екенін айтты. Ғылыми ізденістері мен жетістіктері туралы баяндады. Университетіміздің «Лебіз» кітабына өз қолтаңбасын қалдырды.

Әлемдік ғылымның шыңын бағындырған ғалымның дәрісін тыңдау қатысушылар үшін ерекше қуаныш болды.

**ЯУ-ақпарат**

## ҒАЛЫМ СЕМИНАРЫ

**Жақында Түркология ғылыми-зерттеу институтының ұйымдастыруымен ғылыми кітапхананың конференц-залында «Османлы түрікшесінің түрік тілі тарихындағы орны» атты семинар өтті.**

Семинарда А.Аврутина Анадолу түрікшесі (XIII-XVғ.ғ.), алғашқы Османлы түрікшесі (XV-XVIғ.ғ.), орта Османлы түрікшесі (XVII-XIXғ.ғ), жаңа Османлы түрікшесі (XIX-XX ғ.ғ), жаңа түрікше (1930 жылдан бастап) тақырыбында баяндама жасады. Санкт-Петербор мемлекеттік университеті, «Азия және Африка мәдениеті мен тілінің теориясы мен оқыту әдестері» кафедрасының доценті, доктор, әдеби аудармашы Апполинария Аврутина қатысушыларға түрік тілінің тарихы, лексикологиясы, әдебиеті, жазушылары жайлы құнды мәліметтер айтып өтті. Ол Нобель сыйлығының иегері Орхан Памуктың және көптеген басқа түрік жазушыларының шығармаларын орыс тіліне аударып жүрген танымал түрколог.

Семинарға оқытушы-профессорлар, студенттер, магистранттар мен докоранттар қатысты.

Семинар соңында ректор өкілі профессор М.Куталмыш түрколог ғалым А.Аврутинаға алғысын білдіріп, сертификат пен сыйлық табыстады.

**ЯУ-ақпарат**



**БІР ТАҚЫРЫПҚА ҚОС ХАБАР**

## БІЛІМГЕРЛЕР ЖҮЛДЕМЕН ОРАЛДЫ

**Жуырда Алматы қаласы, Абай атындағы қазақ ұлттық педагогикалық университетінде ЖОО студенттері арасында дәстүрлі Х республикалық пәндік олимпиада өтті. Университетіміздің 5В010700-«Бейнелеу өнері және сызу» мамандығы бойынша қатысқан студентер олжамен оралды.**



Үш күнге созылған тартысты білім бәсекесінің командалық нәтижесі бойынша білім ордамыздың намысын қорғап барған 2-курс студенттері Шохнура Тажиметова және Зилола Убайдуллаевадан құралған «Ясауи» тобы командалық есепте жүлделі III орынға қол жеткізді. Олимпиаданың жабылыу салтанатында Ахмет ясауи университетінің ұжымына Алғыс хат және «Ясауи» командасына жетекшілік жасағаны үшін аға оқытушы Мұрат Шаханбаевқа Алғыс хат тапсырылды.Университетіміздің абыройын асқақтатып жүрген білімгерлерге шығармашылық табыстар тілейміз!

***

Жуырда Әлеуметтік ғылымдар факультеті «Менеджмент және туризм» кафедрасының 2,3-курс белсенді білімгерлері «5В090400-Әлеуметтік мәдени сервис», сонымен қатар «5В090200-Туризм» мамандықтары бойынша ҚР Жоғары оқу орындары арасында өткен студенттік Х Республикалық пәндік олимпиадаларына қатысып, олжалы оралды.

Е.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінде өткен «5В090400-Әлеуметтік мәдени сервис» мамандығы, сондай-ақ Талдықорған қаласы І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінде өткен «5В090200-Туризм» мамандығы бойынша жарыстардан жүлделі III орындарды иеленіп, университетіміздің абыройын көтеріп қайтты.

Студенттерімізді жеңісімен құттықтаймыз!

**ЯУ-ақпарат**

**ҚЫСҚА-НҰСҚА**

Ахмет Ясауи университетінде кезекті ҚР БжҒМ Республикалық оқу-әдістемелік кеңесінің сәулет-құрылыс және дизайнерлік бейін мамандықтары бойынша оқу-әдістемелік бірлестігінің көшпелі отырысы өтті.ОӘБ отырысын ХҚТУ Оқу-әдістемелік ісі жөніндегі проректор Н.Әжіханов құттықтау сөз сөйлеп, қазіргі заман талабына сай жаңа білім беру, оның ішінде құзіреттілікке негізделген бағыттарда жұмыс жасауының қажет деп, қатысушыларға сәттілік тіледі. Кеңесті ХБК ректоры Е.Т.Бесімбаев жүргізді. Оқу-әдістемелік бірлестігінің отырысына «Сәулет», «Дизайн», «Құрылыс», «Құрылыс материалдарын, бұйымдарын және конструкцияларын өндіру» және «Ағаш өңдеу және ағаштан бұйымдар жасау технологиясы» бағыттары бойынша мамандарды дайындауды іске асыратын 20 ЖОО өкілдері қатысты.

***

Таяуда оқу орнымыздың оқу ісі жөніндегі вице-президенті Н.Әжіханов және академиялық ұтқырлық бөлімінің басшысы Ф. Дадажанов Түркия Республикасы, Афьон қаласында Афьон Қожатепе университетінде ұйымдастырылған VI Эразмус + Халықаралық аптасы атты конференциясына қатысып қайтты.

***

Өнер факультетінде Елбасы Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласын жүзеге асыру аясында «Бейнелеу өнері және сызу», «Дизайн», «Сән өнері» мамандықтары бойынша мектеп бітіруші оқушылар арасында VII-аудандық пәндік олимпиадасы өтті.

***

Жуырда Қорқыт ата атындағы Қызылорда Мемлекеттік университетінде 5В011200 — Химия мамандығы бойынша ҚР Жоғары оқу орындары студенттері арасында Х Республикалық пәндік олимпиадасының II туры өтті. Олимпиадаға 20 Жоғары оқу орындарының командалары қатысты.

Аталған пәндік олимпиадаға оқу ордамыздың 5В011200-Химия мамандығының 2-курс студенттері қатысып, I жүлделі орынды иеленді. Олимпиада жарысында студенттерге жетекшілік жасаған х.ғ.к, доцент М.О.Алтынбекова мақтау қағазымен марапатталды. Сондайақ, командалық топты жеңіске дайындауда Экология және химия кафедрасының оқытушылары доценттер Г.Сарбаева мен Г.Жылысбаева және М.Алтынбековалардың зор еңбегі бар.

**Г.ЗҰЛПЫХАРҚЫЗЫ**

7 МАМЫР ОТАН ҚОРҒАУШЫЛАР КҮНІ

# МАМАНДЫҒЫМ – МАҚТАНЫШЫМ

**Әскери-патриоттық тәрбие алғашқы әскери дайындықпен тығыз ұштастырыла отырылып, жастардың әскери істі жақсы меңгеруіне, төтенше жағдайларда қорғанудың тәсілдері мен құралдарын дұрыс пайдалана білуіне ықпал етеді. Болашақ Отан қорғаушысын дайындау мен әскери-патриоттық тәрбие беруде ұстаздың атқаратын рөлі өте маңызды.**



Мен 5В010400-Бастапқы әскери дайындық мамандығының 1 курсының студентімін. Университет босағасын аттағалы білікті оқытушы-профессорлар мен офицерлер білім беруде. Күнделікті таңертенгілік саптық байқаулар, дене жағынан шынығу, оқу-жаттығу, қолданбалы спорттық жаттығулармен қатар, әскери тәртіпке үйренудеміз. Мамандық студенттері 2017 жылдың қараша айында оқу жетістігін сырттай бағалауда Республикалық ЖОО арасында алдынғы қатардан көріне білді. Сонымен қатар ел жастарын патриоттық сезімге баулу мақсатында түрлі мәдени патриоттық іс-шаралар өтілуде. Атап айтар болсақ: 1желтоқсан Тұңғыш Президент күніне арналған «Ел таңдаған Елбасы» атты әскери-қолданбалы көп сайыс өтілді. 16 желтоқсан Ел Тәуелсіздігіне арналған іс-шара, 14 ақпан айында 1989 жылы ақпан айының 15 жұлдызында аналарды перзентінен айырған, мыңдаған жерлес бауырларымыз қаза тапқан қасіретті де қайғылы Ауған соғысы аяқталды. Жылдар өткенімен интернационалист жауынгерлеріміздің өшпес ерлігі ел есінде сақталуда. Біз еліміздің сол соғысқа қатысқан ұлдарын Отан алдындағы борыштарын адал ақтаған ағаларымызды аса құрметпен еске алу мақсатында ардагер ағаларымызбен кездестік. Осындай тәрбиелік мәні зор, отансүйгіштік қасиетін қалыптастыратын іс-шаралар бізге оң ықпалын тигізуде.

Наурыз айының 27-28 күндері М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінде өткен «5В010400-Бастапқы әскери дайындық» мамандығы бойынша Республикалық пәндік олимпиададан Бахытжан Ахметов ағайымыз бастап барған топ жүлделі ІІІ орынды иеленіп, университетіміздің абыройын көтеріп қайтты.

Алдағы уақыттада 7 мамыр Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінің құрылғанына 26 жыл толуына және 9 мамыр Ұлы жеңістің 73-жылдығына орай әскери салтанатты шерулер ұйымдастырылуда.

Мамандық - әрбір адамның болашағы. Мен өзімнің болашақ мамандығыма құрметпен қарауда үлгі өнеге көрсетіп жүрген: кафедра меңгерушісі, доцент Бекахмет Абусейітов, Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінің офицерлері Бахытжан Ахметов, Талапбай Қасенов және Алпамыс Алтынбеков, Оңалбек Дүйсенов, Шамурат Оразов ұстаздарымызға мамандық студенттерінің атынан алғысымызды білдіре отырып, 7 мамыр Отан қорғаушылар күнімен құттықтаймыз!

**Анажан АШИРМЕТОВА,**
**1-курс студенті**

ҚР ҚАРУЛЫ КҮШТЕРІНЕ 26 ЖЫЛ

# ҚАРУЛЫ КҮШТЕР – ҚАУІПСІЗДІК ҚАЗЫҒЫ

**Кез келген елдің мықтылығы, бекемділігі қай кезде де болмасын оның қуатты армиясына қарай бағамдалады. Елдің бүтіндігін сақтайтын да – оның Қарулы Күштері. 1992 жылдың 7 мамырында Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы «Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін құру туралы» заңға қол қойған болатын. Сол сәттен бастап Қазақстан Республикасының Жоғарғы Бас Қолбасшысы Нұрсұлтан Назарбаев мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында жоспарлы жұмыстардың көшін бастап келеді.**

Дәл осы мерзімде алғашқы Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі лауазымына Сағадат Нұрмағанбетов ие болды. Қазіргі таңда ол міндетті Сәкен Жасұзақов атқарады. Қазақстан Қарулы Күштерінің міндеті 1992 жылдың 22 қыркүйегінде қабылданған «Қазақстан Республикасының қорғанысы мен Қарулы Күштері туралы» заңында мықтап шегенделген. Дәлірек айтсақ, оның 5-тарау, 18-тармағы бойынша: «Қарулы Күштер агрессияға тойтарыс беруге, Қазақстан Республикасының аумақтық тұтастығы мен егемендігін қару-жарақпен қорғауға, мемлекеттік және әскери объектілерді күзетуге, қорғауға, әуекеңістігін күзетуге, сондай-ақ Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарға сәйкес міндеттерді орындауға арналады».

Қазақ елі – қашанда бейбітшілікті ту еткен болатын. Сондай-ақ кешегі өткен 1941-1945 жылдардағы соғыстарда да жанын пида етуге даяр әскерлердің алды болған еді. Бүгінгі бейбітшілік заманда әскердің керегі жоқ деуге болмайтындығы анық. Себебі бейбіт күндерде де Қарулы Күштердің атқаратын жұмыстары жеңіл емес. Атап айтар болсақ, әскери күштерді, жауынгерлік даярлауға, ел ішіндегі қақтығыстар мен түрлі террористік актілерді тұмшалауға, болдырмауға, шекараны күзете отырып, заңсыз іс-әрекеттердің алдын алуға, әуекеңістігін қоруға, халықаралық міндеттемелерге сәйкес операцияларды орындауға міндетті саналады. Қазақстан Қарулы Күштері – әрбір қазақстандықтың өміріне жауапты әрі мемлекеттің сенімді тірегі.

Қазақстан Қарулы Күштері құрылғаннан бастап Құрлықтағы әскерден, Әскери-теңіз күштері мен Әуе шабуылынан қорғаныс күштерінен тұрған болатын. 1997 жылы 17 қарашада Мемлекет басшысының Жарлығымен 3 жақты құрылымға, дәлірек, Жалпы әскери күштер, Әуеқорғаныс күштері және Мемлекеттік шекараны қорғау күштеріне ауыстырылған болатын.

2000 жылы 10 ақпанда Мемлекет басшысының Жарлығымен соғыс, қарулы қақтығыстар мен жанжалдардың болмауы үшін, Қарулы Күштерді одан әрі дамыту мақсатында Әскери доктрина қабылданды. Жалпы елдегі тыныштықты сақтау мен халықаралық терроризмнің, саяси және діни эстремизмнің тамырына балта шабу мақсатында бірқатар жобалар іске асырылды. Елбасының №399 Жарлығымен 2007 жылы 21 наурызда жаңа Әскери доктрина бекітілді. Ол бойынша қазіргі таңда табанды жұмыстар жүргізілу үстінде.

Қазақстан Республикасының Ата заңы бойынша әрбір кәмелет жасына, нақтырақ 18 жасқа толған әрбір қазақстандық өз Отандық борышын өтеуге міндеттеледі. Әрине, бұл тұста қазақстандық ер жігіттердің мойнына артылар жүк жеңіл емес. 12 ай, жалпы 1 жылдық әскери борышын өтеу арқылы еліне, жеріне деген адалдығын ақтап қана қоймай, отбасының, Қазақстандай киелі шаңырағының қауіпсіздігін күн демей, түн демей қорумен өтері анық! Бүгінгі заманды білектілердің емес, білімділердің заманы десек те, Қазақстанның болашағын қауқары мықты да қайратты азаматтары қауіпсіздікпен қамтамасыз ететіндігін ұмытпағанымыз жөн-ақ.

Биыл Қазақстан Қарулы Күштерінің құрылғанына – 26 жыл. Ширек ғасырдан аса мемлекет тыныштығын сақтап отырған Қарулы Күштердің еңбегін санамалап санау мүмкін емес. Сонымен қатар ел ішінде 7 мамыр – Отан қорғаушылар күні ретінде аталып өтіледі. Жыл сайын Қазақстан Армиясының айбыны осы күні асқақталады. Әскери-жаттығу полигонында мейрам күні Елбасының қатысуымен әскери жаттығулар мен әуекөліктерінің парады өткізіледі.

Ең бастысы, болаттай берік бейбітшілігіміз бен 130-дан астам ұлт пен ұлыстың ынтымағы болашаққа аманат болуы тиіс. Ол үшін де Қарулы Күштердің атқарар жұмыстары мол.

**Олжас ӘБДІХАЛЫҚОВ,**
**1-курс студенті**

ҚАЗАҚ ТЕЛЕВИЗИЯСЫНА 60 ЖЫЛ

# ҚОҒАМДА ТЕЛЕВИЗИЯНЫҢ РӨЛІ ЗОР

**Биыл қазақ телевизиясының эфирге шыға бастағанына 60 жыл толды. Қазақ телевизиясы дегенде алдымен менің ойыма өзім ес білгеннен көрген «Ұят болмасын», «Алтыбақан», «Қазақтар», «Жәдігер» сынды ұлттық құндылықтарға толы, әрбір тұлғаны қазақ рухымен байытып, сусындататын, рухани үлгі көрсететін, салт-дәстүрді дәріптейтін, өскелең ұрпақты Отанды сүюуге тәрбиелейтін, бағдарламалар есіме түседі.**

Мен үшін қазақ телевизиясы-рухани байлықтың қайнар көзі,халықтың сарқылмас қазынасы. Сондай-ақ телевизия халықтың үні, шамшырағы, білімнің қайнар көзі. Қазақ елін шетелдерге танытудың басты құралы. Әрбір адам біліктілігін шыңдауда алар энергия көзі іспеттес.

Телевизия әрбір адамның тұлға ретінде қалыптасып, өсіп-өркендеуіне үлкен үлес қосып жатыр десем артық айтпаған болар едім. Осыған себепші болатын телевизия мамандары. Олар телевизияның қазанында пісіп жетілген журналистер, режиссерлер, тележүргізушілер, телеоператорлар. Осынау жандар қазақ телевизиясының іргетасын бекіте түсуде.

Ендігі кезекте осы салада ойып тұрып орын алатын дикторлар туралы айтқанды жөн көріп отырмын. Бұл ерен тұлғалар әр күн сайын халықты жаңалықтармен таныстыра отырып, әрбір жанұяның бір мүшесіне айналғандай.

Көрермен көзайымына айналған әрбір телетуындыны дайындауда бір ғана емес, көптеген маман майталмандар қызмет жасайды. Солардың ішінде көзге көрінбеседе, еңбектері сан қырлы мамандардың елеулі де ерекше орны бар. Мұның өзі қазақ телевизиясының ілгері қадам басуына себепші.

Қазақ телевизиясы қазақ мәдениетін дамытуда ерекше орын алады. Бұған «Алтын қорда» сақталған, қазақтың төл-туындыларына айналған бағдарламалар және олардың қазіргі таңдағы көрсетіліп жатқан жаңа нұсқалары дәлел бола алады.Телевизия-өшпес із салып кеткен режиссерлердің еңбектері болып саналатын кинофильмдер жинағының бағалы ордасы.

Қазіргі таңда да қазақ телевизиясы ұлттық құндылықтарды насихаттауда бай тәжірибе жинаған. Қаншама бетке ұстар тележобалар дүниеге келуде. Телевизия қоғамда болып жатқан оқиғаларды, жаңалықтарды көрермен қауымға дер кезінде, тікелей эфир арқылы жеткізуімен ерекшеленеді. Ал ел ішінен хабар алып, мәдениет пен спортты, бизнесті және өзге де салаларды қамтуы, ұлттық телевизияның жеке бір қыры.

Есін білген баладан, еңкейген кәріге дейін тамашалайтын қазақ телевизиясының XXI ғасырда озық техникалық құрал-жабдықтармен толықтай қамтылып, әлемнің дамыған телевизиясымен терезесі теңесетіндей қауқары жеткілікті.

Телевизия Елбасымыздың «Рухани жаңғыру» бағдарламасын дәріптеуге де өз үлесін қосып жатыр. Осы арқылы телевизияның ұлт мүддесі үшін қаншалықты қызмет жасайтынын аңғаруға болады. А.Ахметжанова, Е.Қарин секілді жанашыр жандар басқарып отырған ұлт телевизиясы ешқашан құлдырамайды, тасы өрге домалап, мәңгілік баянды боларына, даму шыңына шығарына сенімім кәміл.

**Дінмұхамед ӘБЖАНОВ,**
**1-курс студенті**

## БІЛІМ/ҒЫЛЫМ



**Елдің ертеңгі іргесі берік болуы үшін бүгінгі жастардың сапалы білім алып, білікті мамандар қатарын толықтыруы қажет. Сондықтан бүгінде білім саласына және онлайн білім беруге ерекше назар аударылып отыр. Еліміздегі алдыңғы қатарлы онлайн білім беруде көшбасшы болып отырған біздің оқу ордамыздағы ҚазТЕП институты. Сонымен, екі жылға жуық жұмыс жасап отырған аталмыш институттың атқарған жұмыстары мен алдағы жоспарлары жайлы ҚазТЕП институтының басшысы Ермек Серікұлымен әңгімелескен едік.**

# ҚАЗТЕП ОНЛАЙН БІЛІМ БЕРУДЕ КӨШБАСШЫ





Бүгінде елімізде сапалы маман дайындайтын жоғары оқу орындарының қатары көп. Соның бірі – Қожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетінің ҚазТЕП (қашықтықтан білім беру) институты. Ол рас, қашықтықтан білім беруді даярлайтын жоғары оқу орындарының бірі де бірегейі – біздің оқу ордамыз. Енді осы қашықтықтан білім беру институтының қысқаша тарихына тоқталып өтсек, ол 2001 жылдан бері атаулы ЖОО Халықаралық өкілетті кеңестің (Анкара) шешімімен құрылған және ТурТЕП жүйесінің негізінде (түрік тіліндегі оқытудың қашықтықтан білім беру технологиясы ) – Европа, Түркия, ТМД және өз елімізден білім алушы 7000-нан астам контингентке 21 халықаралық мамандық бойынша орта, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруде табысты жұмыс атқарып жатыр.

ТурТЕП-тің ашылуы Түркия Республикасының жоғары білім беру жүйесіне қашықтықтан білім беруді бұқаралық дамытуға ықпал етті. Бүгінгі таңда ТурТЕП – Түркиядағы басты ЖОО-да онлайн білім беруде көшбасшы болып отыр.

2016 жылдың маусым айында Сенат шешімімен ТурТЕП-тің халықаралық қашықтықтан оқытудың бірегей 15 жылдық тәжірибесін ескере отырып, 2016 жылдың қараша айында Өкілетті кеңеспен қаржыландырылатын ҚазТЕП қашықтықтан білім беру институты ашылды. Сөйтіп, 2017 жылдың 1 қыркүйектен бастап ҚазТЕП институты өз жұмысын бастады.

Бүгінгі таңда ҚазТЕП 5 білім беру бағдарламасы бойынша магистрлерді дайындайды. Олар: кәсіпорын экономикасы, компьютерлік инженерия, кәсіпкерлік құқық, денсаулық сақтау саласындағы менеджмент, білім беру саласындағы менеджмент.

Институттың білім беру бағдарламасына тоқтала кететін болсақ, ол төмендегідей:

ҚазТЕП Магистратурасы – бұл жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруге бағытталған кәсіби білім беру бағдарламасы, басқарушылық кадрлардың тиісті мамандығы бойынша «Магистр» академиялық дәрежесін береді.

Елдердің бірыңғай еуропалық кеңістігін құру мақсатын көздейтін Болон процесіне енген Қазақстанда екі деңгейлі жоғарғы білім беру жүйесі. Сондықтан магистр дипломы ұғымы әлемде түсінікті!

Магистратура мүмкіндіктері:

1. Мамандықты терең меңгеру үшін бакалавриатта таңдаған бағыттағы кәсіби мамандығы бойынша оқуды жалғастыру.

2. Түбегейлі оқыту бағытын өзгерту: Білім алушы таңдаған бірінші мамандығы мен оқыту бағытына қарамастан, магистратурада кез келген мамандықты таңдай алады.

3. Сонымен қатар магистратура – басқарушылық дағдыларын меңгеруге және қалыптастыруға жақсы мүмкіндік.

Бейіндік магистратура келесі жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білім беру бағдарламаларын экономика, құқық (шағын және орта бизнесті дамыту) салаларында, ақпараттық технологиялар, білім беру және денсаулық сақтау жүйесінде басқарушы кадрларды даярлауды жүзеге асыруда.

Қашықтықтан оқытуда өзіндік артықшылықтары бар:

1. Әлемдік деңгейдегі сапалы білім: қазақстандық және халықаралық аккредиттеу, халықаралық деңгейде танылған мемлекеттік үлгідегі диплом.

2.Қашықтықтан оқыту курстарының авторлары – отандық және шетелдік жоғары оқу орындары жетекші оқытушылары.

3.Қашықтықтан оқыту курстарының тьюторлары – бизнес-практиктер, сарапшылар, кеңесшілер, зерттеушілер.

4.Арнайы білім беру бағдарламалары бойынша оқыту – сапалы мамандарды даярлауға мүмкіндік береді.

5. Магистратурада өндірістен қол үзбей оқу мүмкіндігі бар.

6. Тек ҚазТЕП-те басқарушылық дағдыларын дамыту бойынша бірегей курстар әзірленді.

7. Университетіміздің ҚазТЕП-і – бұл Қазақстандағы жоғары оқу орындарының жетекші ғалымдар мен оқытушыларының шоғырланған орны.

8. 1,5 жылдан 5 жылға дейін жеке оқыту кестесі.

Аталмыш институт Түркиядағы ТурТЕП пен және өзіміздің үздік оқу орындарымен тығыз байланыс орнатқан. Қазірдің өзінде оқу орны әл-Фараби атындағы қазақ ұлттық университеті, Алматы менеджмент университеті, Асфендияров атындағы қазақ ұлттық медициналық университеті, «Өрлеу» ББЖ ҚБАРИ, ақпараттық технологиялар халықаралық университеті, Қ.Сәтпаев атындағы қазақ ұлттық техникалық университеті, Л.Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университеті, Нархоз университеті, Қазақ-британ техникалық университеті, Қазақ қыздар педагогикалық университеті, Абай атындағы қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Қазақ медициналық үздіксіз білім университеті, Қарағанды мемлекеттік медициналық университеті, Астана медицина университеті, Денсаулық сақтау жоғары мектебі, Тұран университеті т.б. жоғары оқу орындарымен және ғылыми-зерттеу институттарымен ортақ келісімшарттар ынтымақтастық жүзеге асырылып отыр. Осы ЖОО-дың үздік жетекші оқытушыларын шоғырландырып отыр. Сондай-ақ еліміздің жоғары оқу орындарының оқытушылары мен біздің институттың магистранттары арасында кәсіби біліктілікті арттыруға мүмкіндік туып отыр.

ҚазТЕП институтында 2016 жылы оқуға қабылданған магистрант саны – 67. Ал 2017 жылғы магистранттардың саны – 154. Жылдан-жылға бұл институтқа түсіп жатқан магистранттардың саны күн санап артып келеді. Мамандық бойынша төлемақы 1 жылға 200 000 (екі жүз мың) теңге. Мұнда білім алатын магистранттарға барлық жағдай жасалған. ҚазТЕП институтына оқуға қабылданған университет қызметкеткерлеріне жеңілдіктер қарастырылған. Сондай-ақ тағы бір жеңілдік түрі қарастырылған, ол «корпоратив білім беру» деп аталады. Демек мекемеден 10 адам магистратураға түсетін болса, онда бір адам тегін оқиды немесе магистратураға түскен 10 адамға 10 пайыздық жеңілдік алу мүмкіндігіне ие бола алады.

Қазақстандағы білім беру жүйелерінің құрылымдарында соңғы жылдары елеулі өзгерістер болып жатыр. Қазіргі уақытта технологиялық жетістіктерге негізделген қашықтықтан білім беру жетекші рөл атқарады. Сонымен бірге, сапалы терең білімді меңгеруге талпынған өскелең ұрпақтың жеткілікті дәрежеде сандық сауаттылығы бар. Себебі, олар өмір жағдайлары барысында жаңа технологияның барлық мүмкіндіктерін пайдаланады. Қазіргі уақытта оқытуда қолданылатын әдіс-тәсілдер, әдістемелер, технологиялар білім беру талаптарына байланысты жаңартылып отырады. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың заманауи талаптарға сай дамуы білімді бағалау және пайдалану жүйесін уақытылы өзгеріп отыруында. Бүгінде оқу орны көптеген тиімді жұмыстар атқарып отыр. Мәселен, білім беру үдерісін заманауи талаптарға сай ақпараттық технологиялармен қамтамасыз етілді: (Moodle 3.1 және BigBlueButton 0.9 нұсқалары орнатылды). Сонымен қатар білім алушылардың сапалы білімге қол жеткізу үшін курстардың когнитивті деңгейлер бойынша жазбаша және тестілік тапсырмалар жасалынды.

Тағы бір айта кететін жайт, қашықтан оқытудың тиімді компоненттерінің бірі – оқытушылар онлайн кеңес береді. Сондай-ақ оқу орнының қызметкерлері магистранттармен тікелей байланысып отырады. Оның бір дәлелі – жыл сайын сауалнама алады. Сауалнамада көптеген өзекті мәселелер қарастырылады. Мысалы, емтихан сұрақтарына қатысты немесе тапсырмаларды теория түрінде емес, практика түрінде берілсе т.б. ұсыныстар айтылады. Түскен ұсыныстарды қарап, оны жүзеге асыруға тырысады.

ҚазТЕП-тің басты мақсаты – әлемдік тәжірибе негізінде Қазақстан Республикасында қашықтықтан білім берудің жаңа векторын айқындау, өзгеде ҚР және шетел ЖОО-лардың үздік оқытушыларымен байланыс орнату, ҚазТЕП контингентінің географиясын кеңейтуді негізгі мақсат етеді.

Институтта 2 бөлім: академиялық бөлімі мен мазмұнды жетілдіру – мультимедиа зертханасы және ақпараттық-технологиялар секторы жұмыс істейді.

ҚазТЕП қашықтықтан білім беру институтының академиялық бөлімі – оқу процесін және қашықтықтан оқытуды ұйымдастыру құрылымдық бөлімшесі болып табылады. Бөлімнің негізгі міндеті тьюторлар мен білім алушылардың жұмысын үйлестіру.

Ақпараттық технологиялар бөлім институттың ақпараттық-техникалық инфрақұрылымының дұрыс жұмыс істеуіне жауапты. Бөлімнің функциялары: ақпараттық жүйелердің техникалық ақауларын анықтау, тьюторлар мен студенттерге кеңес беру, сондай-ақ қашықтықтан оқыту бағдарламаларының дамуын қамтамасыз ету болып табылады.

Мазмұнды жетілдіру бөлімінің негізгі міндеті – оқу жоспарына сәйкес курс авторларымен қашықтықтан оқыту курсын әзірлеу.

Пән мазмұны бойынша курс сценарийі – контент әзірленеді. Контент қашықтықтан оқыту стандарттарына сәйкес дайындалады. Оқу материалдарын жақсы меңгеру мақсатында (анимация, сурет, графика, моделдеу, видео және т.б.) контенттің элементтері жетілдіріп, әзірленеді. Дайын контентті қашықтықтан оқыту жүйесіне орналастырады.

Біздің университет мамандарды дайындау бойынша Қазақстан мен Түркияда танылған жоғары оқу орны, сондай-ақ ҚазТЕП-ті ТурТЕП қаржыландырып отыр және бұл институтпен тығыз қарым-қатынас орнатуда. ҚазТЕП институты ұлттық білім кеңістігінде көшбасшы.

**Жадыра ҚОЖАХМЕТ**

## ҰЛЫ ЖЕҢІСКЕ 73 ЖЫЛ!

БІЗ ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРМЫЗ!

# БІРЛІГІ ЖАРАСҚАН ХАЛЫҚПЫЗ

**1 мамыр – Халықаралық ынтымақ, бірлік күні. «Бірлік бар жерде – тірлік бар» дейді дана халқымыз. Мұны тегіннен-тегін айтпаса керек. Ауызбірлік пен ынтымақ болған жерде қашанда нәтижелі істердің үйір болатыны сөзсіз. Біздің киелі Түркістан қаламызда да ұлттар тұтастығы мен халықтар достығының арқасында бүгінде қаламыз өркендеп, ілгері басып келеді. Осыған орай, оқу ордамыздың өзге ұлт өкілдерінің қызметкерлерімен сұхбаттасқан едік. Сонымен, назараларыңызға ұсынамыз.**




**–Қуанышбек УРАЗБАЕВ, доцент, қарақалпақ ұлтының өкілі:** – 1 мамыр – Халықаралық ынтымақ, бірлік күні елімізде жыл сайын аталып өткені дұрыс. Себебі, Тәуелсіз Қазақстан елінде 130-дан астам көпұлт өкілдері бір тудың астында тату-тәтті ғұмыр кешіп жатыр. Көпұлтты елде тұрып жатқан біз – өте бақыттымыз. Және ұлтаралық ешқандай мәселелер қозғалып жатқан жоқ. Аллаға шүкір, тіл кезден сақтасын. Мұнда тұрып жатқан ұлттар мен ұлыс өкілдері Қазақстан елін өзіміздің Отанымыз деп мақтан тұтады. Менің ойымша, бұл мейрам – менің елім, менің Отаным деген әрбір адамға патриоттық сезімді оятуға ықпалы көп. Шыны керек, өз басым бұл мейрамды асыға күтемін. Себебі, бұл мереке өте маңызды әрі адамның жүрегінде мәңгілік сақталады. Сонымен қатар мерекені әрдайым дәстүрге айналдырып, «Рухани жаңғырумен» байланыстырсақ. Сондай-ақ мектеп табалдырығынан бастап, жоғары оқу орындарында осы мейрамның маңыздылығына қатысты көптеген насихаттар жасалса, игі бастама болар еді. Өйткені әрбір жастардың бір-біріне деген көзқарастары жат болмаса деп ойлаймын. Жастар біздің болашағымыз. Ертеңгі елді басқаратын да осы – жастар. Осы мейрам күні туған-туыс, көрші қолаңдарды аралап, бір-біріне тілек айтып, қонаққа барған дұрыс деп санаймын. Халықаралық ынтымақ, бірлік күні болған соң, бір-бірімізге деген достығымыз, бірлігіміз, ауызбіршілігіміз арта берсін және болашақта ұрпақтан-ұрпаққа жалғаса берсін деп тілеймін.

**–Вохид ТАИРОВ, хирургиялық аурулар кафедрасының оқытушысы, өзбек ұлтының өкілі:**

– Мен Кентау қаласында дүниеге келдім. Тәуелсіз Қазақстан елінде отбасыммен бірге, бақытты тұрып жатқаныма қуаныштымын. Себебі, тәуелсіздіктің және барлық ұлттардың татулық пен келісімде өмір сүруінің арқасында баршамыз алаңсыз өмір сүріп, білім алып, жұмыс істеп жатырмыз. Алдағы уақытта Қазақ елі өркендеп, экономикасы дами берсін. Университетіміздің жастары тек биіктен көрініп, жақсы маман иесі атануларына тілектеспін. Осындай мереке әрдайым аталып өтсе, өйткені бұл айтулы мерекені көтеріңкі көңіл күймен қарсы алуға толық негіз бар.

**Ибрагим ИШИГОВ, медицина ғылымдарының докторы, түрік ұлтының өкілі:**

–1 мамыр – Халықаралық бірлік, ынтымақ күні деп толғаймыз. Қазақстанда бәрімізге мәлім 130-дан астам ұлт өкілдері тұрады. Біздің елдің барлық жерінде бұл айтулы мереке аталып өтеді. Себебі, еліміздегі ең бастысы – ұлтқа бөліп емес, адам деп сыйлау, барлық ұлттың құқықтарының бірдей болуы және қандай бастама болсын, ізгі іс болсын басталуына қолдау жасалып жатқандығы, ұлтына қарап емес, іскерлігіне қарап бағаланып жатқаны біз үшін қуаныш. Елбасымыздың арқасында, халықтар достығының нәтижесінде, бірлігіміз, ынтымағымыз, достығымыз нығаюда. Алдағы уақытта Қазақ елі дамып, 30 елдің немесе 50 елдің қатарына қосыламыз деген үміт бар.

**– Ибрагим аға, ата-бабаңыз Қазақстанға қай жылдары көшіп келген еді?**

–1944 жылы Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде Сталин 100 мыңнан аса месхет халқын жер аударған. Солардың бірі – менің ата-анамда жер аударылып, Оңтүстік Қазақстан облысы, Сарыағаш ауданына көшіп келді. Сейтіп, кейін жоғары оқу орнын Ташкент қаласында тәмамдап, қазіргі таңда Ахмет Ясауи университетінде жұмыс істеймін.

**–Енді осы 1 мамыр – бірлік күні Қазақ елінде қалай тойланып жатыр**

–Бізде Түркістанда әр ұлттың өзінің «Мәдениет орталығы» бар. Демек, бізде «түрік», «өзбек», «славян» орталықтары бар. Онда әр ұлт өзінің ата-бабасынан мұра болып келе жатқан салт-дәстүрлерін дәріптеп, насихаттауда. Татулығымыздың, достығымыздың арқасында Қазақстанның дамуына өз үлестерін қосып жатыр деп ойлаймын. Осы мәдени орталықтар әр жылы бірлесіп, мерекелік шаралар ұйымдастырады. Мерекелік іс-шараларға қатысып, көңіл-күйіміз көтеріліп қайтады.

**–Қазақстанда тұрып жатқаныңызды мақтан етесіз бе?**

–Әрине, Қазақстанда тұрып жатқаныма өте бақыттымын. Себебі, Түркия еліне іссапармен 2-3 рет барған болатынмын. Бірақ өз туған жерім Атамекенге қайтуға асығып тұрамын. Ол рас, кейде тіпті сағынып, ауырып қалған сәттерімде болды. Менің Отаным – Қазақстан.

**Гульнара РАХМАТУЛЛАЕВА, кәсіби бағдар бөлімінің жетекші маманы, татар ұлтының өкілі:** – «Еліміздің барша тұрғындарын Қазақстан халқының достығы және бірлігі күнімен шын жүректен құттықтаймын! Қазақстан халқының ынтымақ, бірлігі мерекесі бүгінгі таңда бейбіт өмір сүріп жатқан ел тұрғындары үшін ыстық ықылас пен достық ниеттің дәстүрі деп ойлаймын. Осы Қазақ елінде дүниеге келгеніме бақыттымын. Аллаға шүкір, осы егемен Қазақстанның қол жеткізген табыстарының барлығы Елбасымыздың сарабдал саясатының арқасында ауызбіршілікте, ынтымақта өмір сүріп жатырмыз. Иә, ол рас, көпұлт өкілдері бірлікте, тыныштықта өмір сүріп, еңбек етудеміз. Міне, биыл оқу ордамызда қызмет еткеніме – 27 жыл. Бұл мен үшін қуаныш.

**Рашид Рашидоф Жалпы медицина мамандығының 2-курс студенті, әзірбайжандық:**

**– Рашид 1 мамыр қандай мейрам білесің бе? Алда тағы қандай мереке? Соларды толық атап өтсең?..**

–1 мамыр – Халықаралық бірлік, ынтымақ, достық мерекесі деп білемін. Бұл мейрам – Кеңес заманында «Еңбек күні» деп аталатын. Алдағы уақытта 7 мамыр мен 9 мамыр мерекесін тойлаймыз. Демек, 7 мамыр – Отан қорғаушылар күні. Ал 9 мамыр – Ұлы Отан соғысының Жеңіс күні.

**–Осы 1 мамыр мерекесі университетте қалай аталып өтуде?**

